**Референдум учаскесінің шекаралары:** Амангелді ауылы: Жаңақадам, Алғабас, Ынтымақ, Бейбітшілік, Астана көшелері.

**№ 400 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Көптоғай ауылдық округі Қарасу ауылы Алашорда көшесі 7, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Қарасу ауылы: Тамдыкөл, Мақпалкөл, Алашорда, Ойыл көшелері.

**№ 401 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі 18, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көптоғай ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Көптоғай ауылы: Ардагер, Достық, Құрман, Жеңіс, Мектеп, Наурыз, Сапы, Тәуелсіздік, Әл-Фараби, Жамбыл, Мәңгілік Ел көшелері.

**№ 569 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Мектеп көшесі 4, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құрман орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Көптоғай ауылы: Қазақстан, Абай көшелері.

**№ 402 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Көптоғай ауылдық округі Шұбарши ауылы Желтоқсан көшесі 19, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Шұбарши ауылы: Ақсай, Желтоқсан, Ишанбай Қарақұлов, Шығанақ Берсиев көшелері.

**№ 404 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы Жастар көшесі 13, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапаккөл ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Сарбие ауылы: Бейбітшілік, Жекенді, Астана, Ақтөбе, Құрманғазы, Махамбет, Жастар, Әйтеке би, Ә.Молдағұлова, Желтоқсан, Жеңіс, Исатай көшелері.

**№ 405 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қаракөл бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

**№ 406 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Әркенiет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

**№ 407 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Қараой ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшесі 7, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құбасай бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

**№ 408 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Саралжын ауылдық округі Кемер ауылы Көктал көшесі 2, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Кемер ауылы: Ә.Дербісәлин, Алаш, Ботагөз-2, Ақтөбе, Қазақстан, И.Құрманов, Көктал, Қ.Шоланов, Таубатыр, Бейбітшілік, С.Керімбаева көшелері; Қоңырат ауылы: Қоңырат, Ойыл көшелері.

**№ 409 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шиқұдық ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Шиқұдық ауылы: Терек-ті, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

**№ 410 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі 6, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Бестамақ ауылы: Аяпберген, Тайсойған, Жасталап көшелері.

**№ 411 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Саралжын ауылдық округі Ақкемер ауылы Жеткіншек көшесі 9, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақкемер ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Ақкемер ауылы: Жеткіншек, Бекет ата, Қиыл көшелері.

**№ 412 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Кеңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

**№ 413 референдум учаскесі**

**Референдум учаскесінің орналасқан жері:** Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.

**Референдум учаскесінің шекаралары:** Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.

# АУСЫЛ – МАЛҒА ҚАУІПТІ АУРУ

**АУСЫЛ - АСА ЖҰҒЫМТАЛ ЖІТІ ӨТЕТІН, ҚЫЗБА ЖӘНЕ АУЫЗДЫҢ КІЛЕГЕЙЛІ ҚАБЫҒЫНДА,ЖЕЛІН МЕН АЯҚТЫҢ ТЕРІСІНДЕ КҮЛДІРЕУІК ПАЙДА БОЛУ АРҚЫЛЫ ЕРЕКШЕЛЕНЕТІН ҮЙ ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ АША ТҰЯҚТЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ВИРУСТЫҚ АУРУЫ.**



Антигендік қасиеті бойынша 7 серологиялық түрге: О, А, С, САТ-1, САТ-2, Сат-3 және Азия-1 болып бөлінеді. Әр түрі бірнеше вариантқа бөлініп, иммунологиялық айырмашылықтанына байланысты иммонды жануарларда ауру қоздыра алады. Аусылдың вирусы жануарлардың ұшаларындығы кілегей қабықтарындығы жасушаларында белсенді көбейеді және соның нәтижесінде цитопотогендік әсері байқалады. Вирус малдың үстіндегі жүнінде 50, киімде 100, үй ішінде 70 күнге дейін сақталады. Сүтте аусыл вирусы 65*С 30 минутта, 100*С бірнеше секундтта белсенділігін жояды. Сойылған малдың етінде ет бабына келу мерзіміне жүргізілетін сүт қышқылының әсерінен тез белсенділігін жояды. Тұздалған және кептірілген өнімдерде қоздырғыш 50 күнге дейін сақталады. Аусыл қоздырғышы химиялық заттарға төзімді. 5% хлорлы әк, 1% фенол, 5% креолин ертінділері аусылдың вирусын бірнеше сағаттан соң өлтіреді. 1-2% формальдегид, 2% күйдіргіш натрий ертінділері ауру қоздырғышын 20-30 минут аралығында өлтіреді.

Індеттік ерекшеліктері. Аусылға көбіне аша тұяқтылар бейім келеді. Олар сиыр, қой, ешкі, буйвол, қодас, түйе, бұғы, жабайы аңдардан киік, бұлан, елік. Сиыр мен шошқа бұл кеселге сезімтал. Ауру малды бағып күткенде, аусылмен адам да ауырады. Жас малда ауру ауыр түрде өтеді. Аусылды таратушы - ауырған оның ішінде сыртқы белгісі білінбеген жасырын малмен вирус тасымалдаушы мал. Мұндай жануарлар қоздырғышты сыртқы ортаға сүтімен, сілекейімен, несебі және нәжісімен бөліп шығарады да, қоражай әртүрлі құрал саймандар, жем-шөп, суат, көлік жабдықтары және басқа сыртқы қоректік орта ластанады. Вирус жануарлардың денесіне жем-шөп және сумен бірге, әртүрлі ластанған заттарды жалаған кезде ауыздың кілегей қабығы, желін мен сирақтың зақымданған терісі арқылы немесе ауру малмен бірге тұрғанда ауамен зақымданады. Ауырған малдың ыстығы 41*С-тан жоғары көтеріліп, тамырының соғысы жиілеп, аузының кілегей қабығы мен конъюнктивасы қызарады, күйіс қайтаруы тоқтап, сүті қайтады, тұяқ кебесі домбыға бастайды. Мал басын төмен созып, көбіне ыңырсиды. Содан кейін шұбатылып аузынан сілекейі аға бастайды да, тісін шықырлатып, оқтын-оқтын сілекейін жұтынады.

Аузыды ашып қарағанда, кілегейлі қабықтарында күлдіреуіктер көрінеді, олар дөңгелек не сопақша болып, сұйыққа толып,сызданып тұрады да,-саусақпен басқанда жарлады. Күлдіреуіктің жарылған жерінде кілегейлі қабық астындағы ұлпадан оңай сыдырылады. Қойларда аусыл сиырларға қарағанда біршама бәсең өтеді. Қойдың ыстығы көтеріледі, тарыдай афталар байқалмауы мүмкін. Тұяқтың өкшесінің жоғарғы жағында, тұяқ көбесі мен тұяқ арасында аурудың бесінші күнінде күлдіреуік жара (афталар) пайда болады. Мұндай жағдайда мал ақсайды. Қойлар төлеп жатқан кезде ауру байқалса, қозылар жүрек еті мен ортаңғы жүйке жүйесінің зақымдануынан өлімге ұшырайды. Шаруашылықтарға экономикалық шығын келтіреді. Сиырда жұқпайтын стоматиттен, шешектен, зілді қатарлы қызбадан, обадан, везикулярлық стоматиттен, вирустық диареядан, қойда некробактериоздан(сарып), шошқада визикулярлық аурудан ажырату керек.

Аусыл байқалған сәтте сау емес шаруашылыққа не елді мекенге карантин енгізіп, қатер төнген территорияны анықтайды. Облыстық, аудандық шаруашылық әрекеттеріне шектеу қойылады. Аусылға қойылған карантин ең соңғы ауырған мал жазылған немесе сойылғаннан соң 26 күн өткенде алынады. Карантинді аларда барлық қоралар-ды, аулаларды, саймандар мен көлікті мұқият қорытынды залалсыздандырады. Қазіргі уақытта аудан бойынша аусыл ауруна вакцина егу жұмыстары жүргізілуде. Сол себептен шаруа қожалықтар мен жеке тұрғындар иелiктеріндегі малдарына екпе жұмыстарын уақытылы жүргізуді, ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау, басқа аудандардан мал әкелмеу және мал қозғалысына тыйым салуды сұраймыз. Жоғарыда көрсетілген ауру белгілері білінген жағдайда ветеринария мамандарына хабарлау керектігін естеріңізге саламыз.

**ҚР АШМ ВБжҚКомитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 182
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

# РАМАЗАН – РАҚЫМ АЙЫ



**ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР ЖӘНЕ АҚТӨБЕЛІКТЕР!**

Сіздерді он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Кемелдік айы – бүкіл әлемдегі мұсылман қауым үшін рухани жаңару мен жаңғыру кезеңі. Рамазан айы – береке мен мейірімнің, сабыр мен сауаптың сабақтасқан уақыты. Оразада мұқтаж жандарды қолдап, қайырымдылыққа үлес қосатын, иманын бекемдейтін мереке.

Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады. Өйткені, ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді.

ҚМДБ 2026 жылды – «Ислам және адал қоғам» жылы деп бекітті.

Құран Кәрімде жүз алпысқа жуық аятта ізгілік туралы айтылған. Ал осы ізгілікке бастайтын теңдесіз ай – Рамазан айы. Біз оразамызды ұстау арқылы өзіміздің күндізтек ішіп-жеуден шектеп қана қоймай, рухтың азығы, тәннің шипасына кез боламыз. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі әрі ізгілікке апарар жол.

Рамазан айына орай Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасау, құдайы астарды ауызашар уақытында өткізіп, көбірек сауап алуға тырысу, қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну, күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген үндеу жасады. Осы үндеуге баршамыз бір үйдің баласындай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, үн қоссақ деймін.

Құдси хадисте «Алла Тағала: Ораза – тек Мен үшін, оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...», -деген. Шарапаты мен шапағаты мол айда күнәлі істерден бас тартып, сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Алла Тағаланың разылығына бөленуге асығайық!

Ұлық айда баршамыздың ізгі ниетіміз, тұтқан оразамыз, оқыған тарауық намаздарымызды қабыл болғай! Жүздеріңіздері – нұр, жүректеріңіздегі – иман арта берсін!

Отбасыларыңызға бақ пен береке тілеймін! Еңселі еліміздің болашағы жарқын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Амантай САДИЕВ,**
**Ақтөбе облысының**
**Бас имамы.**

ҚМДБ

muftyat.kz

## Рамазан 2026
### Ораза кестесі

һижри 1447 жыл

УИЛ

| РАМАЗАН АЙЫ | АПТА КҮНДЕРІ | АҚПАН | ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты) | КҮННІҢ ШЫҒУЫ | БЕСІН | ЕКІНТІ | АҚШАМ (ауызашар уақыты) | ҚҰПТАН |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бейсенбі | 19 Ақпан | 06:56 | 08:18 | 13:40 | 17:04 | 18:53 | 20:16 |
| 2 | Жұма | 20 Ақпан | 06:54 | 08:16 | 13:40 | 17:06 | 18:55 | 20:17 |
| 3 | Сенбі | 21 Ақпан | 06:52 | 08:15 | 13:40 | 17:07 | 18:56 | 20:19 |
| 4 | Жексенбі | 22 Ақпан | 06:50 | 08:13 | 13:40 | 17:09 | 18:58 | 20:20 |
| 5 | Дүйсенбі | 23 Ақпан | 06:49 | 08:11 | 13:40 | 17:10 | 18:59 | 20:22 |
| 6 | Сейсенбі | 24 Ақпан | 06:47 | 08:09 | 13:40 | 17:12 | 19:01 | 20:23 |
| 7 | Сәрсенбі | 25 Ақпан | 06:45 | 08:07 | 13:39 | 17:13 | 19:03 | 20:25 |
| 8 | Бейсенбі | 26 Ақпан | 06:43 | 08:05 | 13:39 | 17:14 | 19:04 | 20:26 |
| 9 | Жұма | 27 Ақпан | 06:41 | 08:03 | 13:39 | 17:16 | 19:06 | 20:28 |
| 10 | Сенбі | 28 Ақпан | 06:39 | 08:01 | 13:39 | 17:17 | 19:08 | 20:29 |
| 11 | Жексенбі | 1 Наурыз | 06:37 | 07:59 | 13:39 | 17:19 | 19:09 | 20:31 |
| 12 | Дүйсенбі | 2 Наурыз | 06:35 | 07:57 | 13:38 | 17:20 | 19:11 | 20:33 |
| 13 | Сейсенбі | 3 Наурыз | 06:33 | 07:55 | 13:38 | 17:22 | 19:12 | 20:34 |
| 14 | Сәрсенбі | 4 Наурыз | 06:31 | 07:53 | 13:38 | 17:23 | 19:14 | 20:36 |
| 15 | Бейсенбі | 5 Наурыз | 06:29 | 07:51 | 13:38 | 17:24 | 19:16 | 20:37 |
| 16 | Жұма | 6 Наурыз | 06:27 | 07:49 | 13:38 | 17:26 | 19:17 | 20:39 |
| 17 | Сенбі | 7 Наурыз | 06:25 | 07:47 | 13:37 | 17:27 | 19:19 | 20:41 |
| 18 | Жексенбі | 8 Наурыз | 06:23 | 07:45 | 13:37 | 17:28 | 19:20 | 20:42 |
| 19 | Дүйсенбі | 9 Наурыз | 06:21 | 07:43 | 13:37 | 17:30 | 19:22 | 20:44 |
| 20 | Сейсенбі | 10 Наурыз | 06:19 | 07:41 | 13:37 | 17:31 | 19:23 | 20:45 |
| 21 | Сәрсенбі | 11 Наурыз | 06:17 | 07:39 | 13:36 | 17:32 | 19:25 | 20:47 |
| 22 | Бейсенбі | 12 Наурыз | 06:15 | 07:37 | 13:36 | 17:34 | 19:27 | 20:49 |
| 23 | Жұма | 13 Наурыз | 06:13 | 07:35 | 13:36 | 17:35 | 19:28 | 20:50 |
| 24 | Сенбі | 14 Наурыз | 06:10 | 07:32 | 13:36 | 17:36 | 19:30 | 20:52 |
| 25 | Жексенбі | 15 Наурыз | 06:08 | 07:30 | 13:35 | 17:37 | 19:31 | 20:53 |
| 26 | Дүйсенбі | 16 Наурыз | 06:06 | 07:28 | 13:35 | 17:39 | 19:33 | 20:55 |
| 27 | Сейсенбі | 17 Наурыз | 06:04 | 07:26 | 13:35 | 17:40 | 19:34 | 20:57 |
| 28 | Сәрсенбі | 18 Наурыз | 06:01 | 07:24 | 13:34 | 17:41 | 19:36 | 20:58 |
| 29 | Бейсенбі | 19 Наурыз | 05:59 | 07:22 | 13:34 | 17:42 | 19:37 | 21:00 |

**ЕСКЕРТУ:**

- **Оразаға ниет:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнәларымды кешір!

- Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына **735 теңге.**
- Пітір садақа және садақаны KaspiBank, HalykBank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

- **Қадір түні –** наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн.
- **Ораза айт –** 20 наурыз.

Рамазан кестесін **MuftyatBot** телеграм чат-боттан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7
**+7(707)233 30 30**

# «ТҰРМЫС» ЖЕДЕЛ ШАРАСЫ БАСТАЛДЫ!

Ағымдағы жылдың 15 және 22 ақпан аралығында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс шарасы өткізіледі.

Аталған іс шараның негізгі мақсаты - «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» және «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» заңдарының талаптары орындау мақсатында, облыс көлемінде отбасы-тұрмыстық қарым қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларға қатысты қорғау нұсқамасын шығару, ерекше талап белгілеу, профилактикалық есепте тұратын адамдармен профилактикалық жұмыс ұйымдастыру, сондай ақпараттық насихаттау болып табылады. Жедел алдын-алу іс шарасы барысында профилактикалық есепке алуға жататын адамдарды, спирттік ішімдіктерге, отбасы тұрмысы саласында құқық бұзушылықтар жасайтындарды, тұрмысы төмен отбасыларды есепке алу жүргізіледі. Ішкі істер органдарында есепте тұрған «Қорғау нұсқамасы шығарылғандар», «Ерекше талап белгіленгендер», «Алкогольдік өнімдерді шамадан тыс қолданатындар» санаттарымен тұрған адамдарды ЖПҚБ-нің учаскелік полиция инспекторларымен және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі тобы инспекторларымен бірлесіп, тұрғылықты мекен жайлары бойынша тексеріп, олармен профилактикалық жұмыстар жүргізілетін болады.

**Ойыл аудандық**
**полиция бөлімі**

# «МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ: ӨЛЕҢ, ӨМІР, ӨНЕГЕ»

**МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ЫМЫРТТАҒЫ КІТАПХАНА АЯСЫНДА «МҰЗБАЛАҚ ЖЫРДЫҢ МӘҢГІ ҮНІ» АТТЫ ЫМЫРТТАҒЫ КІТАПХАНА АЯСЫНДА ПОЭТИКАЛЫҚ КЕШ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫНА АРНАЛҒАН БҰЛ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА РУХАНИ КЕШКЕ АЙНАЛЫП, КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ТЕРЕҢ ӘСЕР ҚАЛДЫРДЫ.**

Поэтикалық кеш барысында оқырмандар Мұқағали Мақатаевқа арналған жүрекжарды арнауларын оқып, ақынның өлеңдерін ерекше тебіреніспен орындады.

Ақын поэзиясындағы өмір, махаббат, адамгершілік, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік тақырыптары кеш мазмұнында кеңінен көрініс тапты. Шара көркін қыздырған ерекше сәттердің бірі — гитараның қоңыр үнімен шырқалған әндер болды.

Мұқағали жырларына жазылған әндер мен ақын рухына арналған шығармалар кешке жиналған қауымды бір сәтке поэзия әлеміне жетелеп, жүректерге жылу сыйлады. Ән мен жырдың үйлесімі ақын шығармашылығының өміршеңдігін, оның әрбір жолы халықпен бірге жасап келе жатқанын айқын көрсетті.

Сонымен қатар, кеш барысында оқырмандар өздерінің авторлық өлеңдерін де оқып, Мұқағали поэзиясынан алған әсерлерімен бөлісті.

Бұл — ақын мұрасының кейінгі буынға шабыт беріп, жаңа шығармашылық ізденістерге жол ашатынының айғағы.

Поэтикалық кешке қатысушылар Мұқағали Мақатаевтың қазақ әдебиетіндегі орны, оның шығармаларының бүгінгі күнмен үндестігі туралы ой қозғап, рухани әсерлерін ортаға салды.

Кеш соңында ақын поэзиясы — халықтың жүрегінен орын алған мәңгілік мұра екені тағы бір мәрте айқындалды.

Осындай рухани-мәдени шаралар ұлттық әдебиетімізді дәріптеп, жас ұрпақтың кітапқа, поэзияға деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосады.

Мұқағали Мақатаевтың жырлары уақыт өткен сайын құнын жоймай, әр буынның жан дүниесіне сәуле түсіре бермек.

**Балнұр ҚАЛЫБЕККЫЗЫ,**
**Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.**

# ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ ЖАЙДАРМАННЫҢ ТӨРІНДЕ

**КЕЙБІР АРМАНДАР ҰЗАҚ КҮТТІРІП БАРЫП ОРЫНДАЛАДЫ. БІРАҚ СОЛ СӘТ КЕЛГЕНДЕ, ОНЫҢ ҚУАНЫШЫ МЕН МАҚТАНЫШЫ БӘРІН АҚТАП ШЫҒАДЫ. ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЙІНІҢ "BOLASHAQ" ТЕАТР ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖАС ӨНЕРПАЗДАРЫ ҮШІН ДӘЛ ОСЫНДАЙ ТАРИХИ КЕЗЕҢ ТУДЫ.**




Республикалық Жайдарман "Маусымашар–2026" ойынында 12–14 жастағы оқушылар "Жайдарман Junior" лигасында Ойыл ауданының намысын қорғап, елорда төрінде өнер көрсетті. Елдің әр түкпірінен жиналған 40-тан астам командa қатысқан тартысты додада 17 команда ғана "Жайдарман Junior" чемпионатына жолдама алды. Осындай жоғары деңгейдегі сайыста жас жайдарманшыларымыз өздерінің өресі биік өнерін, тапқырлығы мен сахна мәдениетін көрсете білді.

Жастарына қарамастан, үлкен жайдарманшылармен бір сахнада өнер көрсетіп, нағыз батылдық пен жігердің үлгісін танытты.

Бұл – жай ғана ойын емес. Бұл – мінездің, ой ұшқырлығының, сахна мәдениетінің сынағы сәті. Бес сағатқа созылған тартысты кеш барысында оқушылар сөзден жаңылмай, әзілдің дәмін келтіріп, көрермен ықыласына бөленді.

Астана сахнасында олар туған жердің атын айрықша мақтанышпен атады. Әзіл мен астарлы ой арасында Ойылдың даңқты перзенттері – ақ тарының атасы Шығанақ Берсиев пен қазақ балет өнерінің жарық жұлдызы Нұрсұлу Тапалова есімдері құрметпен аталып, аудан абыройы тағы бір мәрте асқақтады. Бұл – жас жүректегі туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі еді.

Ойын барысы толықтай бейнетаспаға түсіріліп, алдағы уақытта YouTube платформасы арқылы көрерменге жол тартады. Алдағы уақытта бұл тарихи сәтті барша көрермен тамашалайтын болады.

Айта кету керек, жайдарман ойындары Ойыл ауданында бұған дейін де аудандық деңгейде өткізіліп келген. Жетекшісі Аман Заманбек шәкірттерін талай додаға дайындап, чемпион атандырған тәжірибелі тәлімгер.

Өткен жылы баруды армандаған "Маусымашар" осы 2026 жылы бұйырып, үлкен арман орындалды. Бұл – ұстаз еңбегінің, жүйелі дайындықтың жемісі.

Астанаға жол тарту – тек ниетпен емес, қолдаумен жүзеге асатын іс. Бұл сапар аудан әкімдігінің, аудандық білім бөлімінің, аудандық білім кәсіподағы және Оқушылар үйінің қолдауымен іске асты. Екі жетекші мен алты оқушы елордаға аттанды. Сонымен қатар, перзенттерінің өнеріне сеніп, қолдау білдірген ата-аналарға айтар алғыс шексіз.

Бала кезде теледидар алдында отырып, бір сәтін жібермей тамашалайтын жайдарман сахнасына бүгін "ЖасStar" командасының мүшесі ретінде шығу – үлкен жетістік, үлкен мақтаныш! Бұл – бастамасы ғана. Алдағы ойындар да Астана қаласында жалғасады. Қиындықтарға қарамай, биік мақсатқа ұмтылған жас өнерпаздар келесі кезеңге дайындықты бастап кетті.

Ойылдың намысын арқалаған жас жайдарманшыларымызға сәттілік тілейміз! Олар – туған жердің үміті, ел ертеңінің жарқын бейнесі. Осындай талантты жастар барда, Ойылдың өнері өшпейді, рухы биік бола береді!

**Перизат МИНАМЕНОВА,**
**Ойыл аудандық Оқушылар үйінің "Жас тілші" үйірмесінің жетекшісі.**

# ТҰРҒЫНДАРДАН ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ СҰРАЛАДЫ!

**ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНБАСАҢ, ҚАТЕРГЕ АЙНАЛАТЫНЫ РАС. СОНДЫҚТАН «QAZAQGAZ AIMAQ» КОМПАНИЯСЫ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНҒАНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАУҒА, ӘСІРЕСЕ, ҮЙ ІШІНДЕГІ ГАЗ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ АСА САҚ ЖӘНЕ МҰҚИЯТ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ.**

Бұл ретте түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізіліп келеді. Мысалы, бірнеше жылдың жүзі болды, барлық өңірлерде «112» бірыңғай диспетчерлік қызметінен тəбиғи газды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша азаматтардың ұялы телефондарына SMS-хабарлама жіберіледі. Сондай-ақ, өңірлердегі төтенше жағдай жөніндегі департаменттерінің мамандарымен бірлесіп жоспарлы түрде рейдтер ұйымдастырылуда.

Аудан, қала аумағындағы әлеуметтік нысандар, жатақханаларда, тұрғын үйлерде, қоғамдық орындарда, кәсіпкерлік нысандардағы ішкі газ жүйелері, газ белгі беру құрылғылары, мұржа тазалығы, автономдық пештерді тазарту, желдеткіш арналары, электр жабдықтарын қауіпсіз пайдаланудың алдын алуға мониторинг және үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, газ және өрт қауіпсіздігі бойынша жадынамалар таратылуда. Бұл істер жергілікті атқарушы органдардың әкілдерімен, газ-техникалық инспекциямен және төтенше жағдай қызметімен бірлесіп атқарылуда. Тиісті іс-шаралар қауіпсіздік стандарттарының сақталуын жүйелі бақылау мен қадағалауға игі ықпал етіп отыр. Сонымен қатар, тұрғындар өздеріңгі газ жабдықтарына кәсіби мердігер тараптардың қызмет көрсетуіне жағдай жасалуына лық шарт жасауды ұмытпау қажет.

Тұрмыстық газ қаншама қазақстандыққа жайлылық сыйлағанымен, салғырттық пен қателікті кешірмейді. Жасыратыны жоқ, жылу маусымы басталасымен иіс тию, жарылыс, улану сияқты оқиғалар жиілейді. Салдары – денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тіпті адам өліміне әкеліп жатыр. Қателік себептері жоғарыда аталғандай – түтін мұржаларындағы тартудың жеткіліксіздігі немесе мүлде болмауы, техникалық қызмет көрсетудің дер кезінде жүргізілмеуі. Сондай-ақ кейбір тұтынушылар жылыту құралдарын өз бетінше қосып немесе орнын ауыстырып, қолдан жасалған күмәнді құрылғыларды пайдалануға тырысады.

**Газдың иісі сезілсе немесе күдік туса, дереу 104 нөміріне хабарлау қажет.**